

gorenje

TCM330B



Кофе қайнатқыш

Пайдалану жөніндегі басшылық KZ

KZ

Пайдаланушы басшылығы ... 00

Элементтердің жалпы сипаттамасы



1. Электрлік контактар
2. Тұғыр
3. Ыдыс: 3–4 тостаған (330 мл)
4. Индикатор
5. Тұтқа
6. «Қосу/өшіру» ауыстырып қосқышы

220–240 В ~ 50/60 Гц / 550 Вт
Максималды сыйымдылығы: 330 мл

Маңызды

Аспапты қолдануды бастамас бұрын осы пайдаланушы басшылығымен мұқият танысып шығыңыз және оны болашақта анықтамалық ақпарат алу үшін сақтап қойыңыз.

Ескерту

1. Кофе қайнатқышта көрсетілген кернеу деңгейінің электрлік желідегі кернеумен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Біздің компания пайдалану талаптарын орындамаудан туындаған ақаулар үшін жауап бермейді. Мұндай ақауларға кепілдік берілмейді.
2. Бұл аспап үйде қолдануға арналған. Оны коммерциялық немесе өнеркәсіптік мақсаттарда қолданбаған жөн.
3. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
4. Аспапты жерге тұйықталған розеткаға ғана жалғаңыз. Аспапты қорғау үшін токтың қажетті күшіне есептелмеген ұзартқыштарды қолданбаңыз. Жерге тұйықталған розеткасы бар және кабелінің көлденең қимасы

- 0,75 мм2 болатын ұзартқыштарды ғана қолданыңыз.
5. Кофе қайнатқышты тікелей жылу көздеріне, мысалы радиаторларға немесе пешке не болмаса олардың жанына орнатпаңыз.
6. Аспапты тұрақты әрі тегіс бетке орнатыңыз. Оны үстелдің немесе бағанның жанына орнатпаңыз.
7. Шнурдың үстелдің немесе бағанның жиегінен салбырап тұрмауын және басқа аспаптарға тимеуін қадағалаңыз.
8. Аспап кабелінің және штекердің бүлінуіне алып келуі мүмкін әрекеттерден алшақ болыңыз. Аспапты кабелінен ұстап жылжытпаңыз. Аспапты розеткадан ажырату кезінде штепселді ашадан ұстаңыз және шнурдан ешқашан тартпаңыз.
9. Аспапты тек тазалау және техникалық қызмет көрсету үшін ғана бөлшектеніңіз. Егер қандай да бір себептермен аспаптың кабелі немесе штепселді ашасы бүлінген немесе зақымдалған болса, оны қолданбаңыз. Аспапты өз бетіңізше жөндеуге әрекет жасамаңыз. Авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.
10. Егер аспап қолданылмайтын болса немесе оны тазалау қажет болса, оны розеткадан ажыратып, тазалауға кіріспес бұрын оның суығанына көз жеткізіп алыңыз.
11. Кофе қайнатқышты тек ұсынылатын қорек тұғырымен бірге қолданыңыз. Оны басқа аспаптардың тұғырына орнатпаңыз.
12. Аспапты сумен толтыру кезінде оны қорек беретін тұғырдан алып тастаңыз.
13. Кофе дайындап және оны қолданып болған соң аспапты жауып қойыңыз.
14. Бұл кофе қайнатқышты шәйнек ретінде де қолдануға болады. Мұндай жағдайда су қайнай бастаған кезде аспапты ауыстырып қосқышпен өшіріңіз, өйткені ол автоматты түрде өшпейді.
15. Егер кофе қайнатқышты қолдану кезінде оның ішінде су болмаса немесе жеткіліксіз болса, «құрғақтай» жұмыс жасаудан қорғау жүйесі іске қосылады және қорек автоматты түрде өшеді. Мұндай жағдайда оған қайтадан су құйма бұрын аспаптың толықтай салқындауын күтіңіз.
16. Аспапты, оның қорек тұғырын және штепселді ашасы бар кабельді суға немесе басқа да сұйықтықтарға ЕШҚАШАН салмаңыз, сонымен қатар оны ыдыс жуу машинасында жумаңыз,

ванна бөлмесінде немесе ылғалдығы жоғары басқа да ғимараттарда қолданбаңыз.

17. Аспаптың қорек тұғырын және электрлік контакттарды ЕШҚАШАН дымқыл күйінде қалдырмаңыз. Егер олар дымқыл болса, аспапты тез арада розеткадан ажыратыңыз, содан соң оларды құрғатыңыз. Аспап толықтай құрғамайынша, оны қолдануға әрекет жасамаңыз.
18. Тазалау кезінде құрылғының өткір жиектеріне қолыңызды кесіп алмаңыз!
19. Турканың ыстық бөліктеріне қолыңызды тигізбеңіз.
Турканы сабынан ұстаңыз.
20. Аспапты электр желісінен ажыратпас бұрын турканы электрлік тұғырдан алып тастаңыз.
21. Бұл аспапты 8 жастан асқан балалар қолдана алады; физикалық, сезімталдық және ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдар; құрылғымен жұмыс жасау тәжірибесі жоқ және оны қалай қолдану керегін білмейтін адамдар тек бақылаумен және қауіпсіз қолдануды және оған байланысты қауіптерді қамтамасыз ететін адамдардың бақылауымен және басшылығымен ғана қолдана алады.
22. Балалардың аспаппен ойнамауын
23. қадағалаңыз. Тазалауды және қызмет көрсетуді 8 жасқа толмаған балалар орындамауы не болмаса ересектердің бақылауымен жасауы тиіс.

Бұл құрылғы Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтары туралы 2012/19/EU деректемесіне (WEEE) сәйкес таңбаланған. Бұл директива Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын қайтару және екінші ретті өңдеу туралы еуропа заңнамасының негізі болып табылады.

КОФЕ ҚАЙНАТҚЫШТЫ ҚОЛДАНУ

1. Кофе қайнатқыштың сабын корпустағы оған арналған арнайы орынға жалғаңыз.
2. Аспапты алғаш қолданар алдында оны жуыңыз, содан соң сумен толтырыңыз. Суды қайнатып, оны өшіріңіз.
3. Суды төгіп, аспаптың сууын күтіңіз Осы процесті орындау кезінде суды максималды деңгейге дейін құю қажет.
4. Қайнағаннан кейін суда судың кермектігіне байланысты болатын ұнтақ тәрізді шөгінді қалуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Оның пайда болуы суға байланысты және адамның денсаулығына әсер етпейді.
5. Кофе қайнатқышты сусыз қолданбаңыз.
6. Егер суды қайта қайнату қажет болса, аспапты қолданбас бұрын 15-20 секунд күтіңіз.

7. Кофе қайнатқышқа судың қажетті мөлшерін құйыңыз (бірақ 330 мл-ден асырмаңыз)

—MAX—



8. Кофе қайнатқышты қорек тұғырына орнатыңыз.
9. Ауыстырып қосқышты «Қосу» күйіне орнатқаннан кейін индикатор жанады және су қызға бастайды. Су қайнаған кезде өшіргішті «Өшіру» күйіне орнатыңыз.
10. Турканың ыстық бөліктеріне қолыңызды тигізбеңіз.
Турканы сабынан ұстаңыз.
11. Аспапты электр желісінен ажыратпас бұрын турканы электрлік тұғырдан алып тастаңыз.

КОФЕ ДАЙЫНДАУ

1. Осы кофе қайнатқыш көмегімен 3-4 адамға кофе дайындауға болады.
2. Кофе қайнатқышқа кофенің қажетті мөлшеріне байланысты салқын су мөлшерін құйыңыз (3-4 адамға максимум — 330 мл).
3. 1 адамға қалыпты мөлшердегі қант қосылған кофе дайындау үшін 1 кесе су, 1 текше қант және 1 шай қасық ұнтақталған түрік кофесін қосыңыз.
4. Турканы электрлік тұғырға орнатыңыз, дайындалып жатқан сусынның мөлшеріне байланысты жұмыс режимін таңдаңыз.
5. Кофені бір-екі рет араластырыңыз.
6. Кофе көтеріле бастағанда, аспапты өшіріп, тостағандарға аз ғана кофе құйыңыз (көбік үшін).
7. Құралды қайтадан қорек тұғырына қойып, оны қосыңыз. Кофе қайтадан көтерілген кезде кофенің қалған бөлігін тостағандарға құйыңыз.
8. Турканың ыстық бөліктеріне қолыңызды тигізбеңіз.
Турканы сабынан ұстаңыз.
9. Аспапты электр желісінен ажыратпас бұрын турканы электрлік тұғырдан алып тастаңыз.
10. Сіз өзіңіздің талғамыңызға қарай әртүрлі пропорцияда кофе дайындай аласыз.
11. **Аспап сүтті қыздыруға арналмаған.**

12. **ЕСКЕРТУ:** Кофе қайнатқышты максималды деңгейден жоғары толтырмаңыз, себебі көтеріліп тұрған ыстық кофе немесе басқа сұйықтық (мысалы, сүт) тасып кетуі мүмкін.

ТАЗАЛАУ

Тазалау кезінде құрылғының өткір жиектеріне қолыңызды кесіп алмаңыз!

Тазалауды бастамас бұрын кофе қайнататын машинаны «қосу/өшіру» ауыстырып қосқыш көмегімен өшіріңіз. Аспапты розеткадан ажыратуды және оның суығанын күтуді ұмытпаңыз.

Құралдағы суды төгіп, аспаптың сыртын құрғақ немесе дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

Қорек тұғырын немесе кофе қайнататын машинаны ешқашан суға салмаңыз және ыдыс жуу машинасында жумаңыз.

Аспап бөлшектерін тазалау үшін абразивтік немесе химиялық тазарту құралдарын (хлор, тұз қышқылы және т.б.) қолданбаңыз.

Қақты жою

Гигиенаны сақтау және қуатты үнемдеу үшін құрылғыны мезгіл-мезгіл қақтан тазалау керек. Пайдаланылған судың құрамындағы қақ жиналып, жанып, қыздырылған бетінде қоңыр жабын пайда болады, бұл аспаптың тиімділігін төмендетеді.

Кішкене қақ шөгінділерін щеткамен оңай кетіруге болады (аспапты алдын ала розеткадан ажыратуды ұмытпаңыз).

Аспапты тазалау үшін қақтан кетіретін құралды немесе ақ сірке суын да қолдануға болады.

Аспапты қақтан тазалау құралымен тазалау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз. Кофе қайнату машинасында судың аз мөлшерін қайнатқаннан кейін оған қақтан тазартқышты қосып, араластырыңыз. Бірнеше секунд күтіңіз, содан кейін суды тағы 2-3 минут қайнатыңыз, содан кейін аспаптағы суды төгіңіз және құрылғының ішін 2-3 рет қатарынан таза сумен шайыңыз. Аспапты ақ сірке суымен тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Аспапқа ақ сірке суын құйып, бір сағат күтіңіз. Содан кейін сірке суын төгіп, ішін 2-3 рет қатарынан таза сумен шайыңыз.

Аспапты лимон қышқылымен тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз. Аспапта 200 мл суды қайнатқаннан кейін 25 г лимон қышқылын қосып, 15 минут күтіңіз. Содан кейін суды төгіп, ішін 2-3 рет қатарынан таза сумен шайыңыз. Қажет болса, осы процедураны қайталаңыз. Лимон қышқылын пайдаланған кезде әрқашан су қосыңыз - сусыз тазаламаңыз.

Қоршаған орта

Аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оның орнына оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғай аласыз.

Кепілдік және қызмет көрсету

Қосымша ақпарат алу үшін немесе қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда өз еліңіздегі Сатып алушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз (орталық телефонының нөмірі кепілдік талонында көрсетілген). Егер мұндай орталық еліңізде болмаса, жергілікті Gorenje сауда ұйымына немесе Gorenje Domestic Appliances компаниясының сатып алушыларды қолдау бөліміне хабарласыңыз.

Авторлық құқығы бар сервис орталықтарының мекенжайлары мен телефон нөмірлері “Кепілдік міндеттемелер” кітапшасында немесе кепілдік талонында көрсетілген.

Тек үйде қолдануға арналған!

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!



Импорттаушы: «Горень БТ» ЖШҚ
119180, Мәскеу, Якиманская жәг., 4-үй, 1-құр.

GORENJE

**АСПАПТЫ АСҚАН ҚИЗИҒУШЫЛЫҚПЕН
ҚОЛДАНУЫҢИЗДЫ ТІЛЕЙМІЗ!**

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!